

- мен көркем әдебиет кітабын сүйіп оқымын. Біз кітап арқылы бастауыш сыйныптың өзінде–ак бүкіл адамзаттық мәдениетпен таныса бастаймыз. Бірақ рухани өмірімізде кітаптың алатын орны осымен токташ қалмайды. Алға басқан сайын кітап біздің айнымас доссымыз болып қала береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Оқуға құштар мектеп» атты жобасы аясында кітап оқуды насиҳаттау, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, рухани мәдениетін көтеру мақсатында кітапханада жұмыстар үйімдастырылуда. «Оқы және өзгеге сыйла!» атты буккроссинг көрмесі үйімдастырылып мұғалімдер мен оқушылардың ат салысуымен өзара кітаптар алмасу болды.



Бұл акцияның негізгі мақсаты мектеп кітапханасындағы кітап қорын молайту және байыту. «Буккроссинг» қозғалысы кітап пен оқырман арасын жақыннатудың тиімді жолы ретінде іс-тәжірибеге енгізіліп отыр. Мектеп оқушылары оқыған аса түрлі жанрдағы қызықты кітаптарын буккроссинг сөрелеріне қойып, орнына сол сөреден өзі оқымаған әр түрлі кітапты алып кетуі арқылы достарымен болісті.

2022 жылдың 15 сәуір күні 10,11 класс оқушылары Ақтөбе облыстық Планетарий мұражайына саяхат жасады. Ақтөбе облыстық Планетарий мұражайының дәріскер-әдіскері Қаржауова Анар Сагинбаевна оқушыларға «Ғаламшар» және «Жұлдызды аспанмен серуендеу» туралы дәріс өткізді. Планетарий мұражайына саяхат кезінде, мұражайдың дәріскер-әдіскері А.С.Қаржауова оқушыларға ғарышқа алғашқы иттер ұшқанын айтты: сарай мен Жебе, алғашқы ғарышкер Ю.А. Гагарин, алғашқы әйел ғарышкер В.И.Терешкова. Планетарий залында күмбездің астында проектор орналасқан және жұлдызды аспанның дәл бейнесін көрсетеді.